



25 ақпан, сенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА ТЫҢ СЕРПІН

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Финляндияның Сыртқы сауда және халықаралық дамуды қолдау министрі, Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақ-фин үкіметаралық комиссиясының төң төрағасы Вилле Скиннариді қабылдады.

Мемлекет басшысы министрге ілтипат білдіре отырып, фин делегациясының сапары екіжақты ынтымақтастыққа тың серпін беру тұрғысынан маңызды екенін атап өтті.

Президенттің айтуынша, дипломатиялық қарым-қатынас орнаған 30 жылда Финляндия Солтүстік Еуропа мемлекеттері арасында экономикамызға ең көп инвестиция құйған екінші елге айналды. Сонымен қатар Финляндияның Орталық Азия елдерімен сауда айналымының 90 пайызы Қазақстанға тиесілі.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі мемлекеттің сауда-экономикалық, көлік-логистика және білім беру салаларындағы серіктестігін нығайту маңызды екенін атап өтті. Мемлекет басшысы фин кәсіпкерлерінің Қазақстанға құятын инвестициясын ұлғайта түсу үшін жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді.

Өз кезегінде Вилле Скиннари құрметпен қа-

былдағаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, екі ел арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуге әлеует мол екенін мәлімдеді.

Министр Қазақстанға сапармен келген делегация құрамында Numinen Logistics Plc, Nokia, EastCham Finland, Business Finland, Lamor, Wartsila Finland, PayIQ, EPSE секілді 15 ірі фин компаниясының өкілдері бар екенін жеткізді. Алдағы кездесулер барысында сауда-экономикалық байланыстарды нығайту мәселелері талқыланады.

Бұдан бөлек, фин тарапы Астанадағы Финляндия елшілігі жанынан Орталық Азия елдерінің азаматтарына қызмет көрсететін виза хабын ашады.

Әңгімелесу барысында халықаралық және аймақтық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер де талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Финляндия Президенті Саули Ниинистеге ізгі тілегін жолдап, Қазақстанға ресми сапармен келуге шақырды.

ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ ҚҰТҚАРУШЫЛАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен қызметтік борышын атқарудағы жанқиярлығы, сондай-ақ Түркия Республикасындағы және Сирия Араб Республикасындағы төтенше жағдайда көрсеткен ерлігі үшін Қазақстан құтқарушылары мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Атап айтқанда, II дәрежелі «Айбын» орденімен 2, «Құрмет» орденімен 3, «Ерлігі үшін» медалімен 8, «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен 1, «Ерен еңбегі үшін» медалімен 2, Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен 1 адам марапатталды.

Сонымен қатар 112 адамға, оның ішінде құтқарушыларға, медицина қызметкерлеріне, кинологтар мен авиация мамандарына Қазақстан Республикасы Президентінің Алғысы жарияланды.

АҚҚҰМДЫҚТАР AFAD-қа 500 МЫҢ АУДАРДЫ

Бауырлас түрік халқы 6 ақпанда болған жойқын зілзаладан орасан зор зардап шекті. Кейінгі мәліметтерге қарағанда қайтыс болғандар саны 43 мыңға жуықтаған. Оның үстіне бірнеше ауданда жер сілкінісінің қайталануы тіркеліп отыр.

Анадолыдағы ағайынның басына түскен ауыртпалықты жеңілдету үшін ол жакка еліміздің құтқарушылары барып, іздеу-құтқару жұмыстарын атқарып қайтты. Мемлекет тарапынан жөнелтілген қаржылай және гуманитарлық көмекке қоса, қазақ жерінің әр киырынан ағайынға болысуға ниет еткендер көп. Жер сілкінісінің эпицентрине 100-ден аса киіз үй тігіліп, баспанасыз қалғандарға қорған болуда. Сыр волонтерлері төсек-орын, тұрмыстық-шаруашылық заттар, азық-түлік қоры мен киім-кешек жөнелту қамымен жүр.

Осындай сәтте қиналғанға қарлығаштың қанатымен су сепкендей септігім тисе дейтін жандардың қарекеті қуантала. Жалағаш ауданы Акқұм ауылының тұрғындары мен осы ауылдың

түлектері түрік халқына көмек көрсету үшін қаржы жинап, 500 мың теңгені Түркияның дүлей апаттармен және төтенше жағдайлармен күрес жөніндегі басқармасы (AFAD) қорына аударды. Темірбек Оспановтың бастамасына үлкен-кіші түгел үлес қосты.

— Ағайынның басын біріктіретін осындай ортақ істе жігіттер аянып қалмады. Акқұмдықтар апаттан зардап шеккендердің бейнетін жеңілдетуге хал-калірінше үлес қосты, — дейді бізбен әңгімелескен Сардар Әлменшулы.

Жер сілкінісінен келген шығынды, қираған қалалардың жайын ақпарат көздерінен күнде көріп отырмыз. Осындай шақта бауырлас халыққа қолдау көрсеткен акқұмдықтар бастамасы құп-талтық.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

САЛЫҚТАН ЖАЛТАРУ – ҚАЗЫНАҒА ҚОЛ САЛҒАНМЕН БІРДЕЙ

Салыққа қатысты сан түрлі мәселе бар. Әсіресе оны төлеуге келгенде жалтарып, жанама жол табуға тырысатындар үшін енді қадағалау күшейеді. Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте бюджеттің кіріс бөлігінің өсуін қамтамасыз ету және салық салу базасының резервтерін анықтау, оны кеңейту мүмкіндіктері қаралды. Онда мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Ғани Аманов салық базасын кеңейту бағытында атқарылған жұмыстар және қосымша резервтер туралы баяндама жасады.

Сб Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

Баяндамашының айтуынша, өткен жылдың қорытындысымен жергілікті бюджеттің жоспары 104%-ға орындалып, 2,8 млрд теңге артығымен түскен. Ал облыстық бюджеттің жоспары 102%-ға немесе 647 млн теңгеге артық орындалған. Алдыңғы жылмен салыстырғанда өсім байқалады. Дегенмен салада қордаланған мәселелер де жоқ емес. Айталық, жергілікті бюджеттің 86 пайызын салықтық түсімдер құрайды. Ол — жалақы, меншік және табыс салығы.

— Салықтық түсімдерді арттыру мақсатында түсімдердің құрылымын, салық төлеушілердің санаттарын

өзге өңірлермен салыстыру арқылы зерделеу жүргізілді. Біздің жергілікті бюджеттің салықтық түсімі 68 млрд теңгені құраса, халық саны біздің өңірмен шамалас Костанай облысының түсімі 144 млрд теңгеге жетіп отыр, яғни 2 еседей артық. Оның ішінде, жалақыдан төленетін салықтардың сомасы Костанайда 76 млрд теңгені құраса, біздің облыста бар болғаны 44 млрд теңге немесе 32 млрд теңгеге аз екенін көрсетіп отыр. Өздеріміз байқағандай, жергілікті бюджетке тиісті түсімдер едәуір мөлшерде қамтамасыз етілмей отыр, — деді Ғ.Аманов.

Статистикалық деректерге



Суретті түсірген Б.ЕСЖАНОВ

сүйенсек, бытыр жұмыспен қамтылғандар саны 331 мың адам. Ал салық есебінде 249 мың жұмысшы тіркелген. Арадағы алшақтықты байқаған боларсыз. Десе де деректерде түрлі себептерге байланысты өзгерістер болуы мүмкін. Бұл өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, маусымдық жұмыскерлерді тір-

кеуге қатысты. Алайда орташа облыстық жалақы көлеміне сәйкес, 40 мыңнан астам адамнан ай сайын бюджетке түсетін тиісті сома көрсетілмеген.

Облыста 76 мың салық төлеуші тіркеліп, олардың 41 мыңы, яғни 55%-ы жалдамалы жұмысшысын көрсеткен. Сондай-ақ, 7%-да жалақы мөлшері 60 000 теңгеден

төмен немесе заңмен белгіленген шегерімдерді жасау арқылы жалақыдан салық мүлдем төленбейді. Бұл кәсіпкерлердің басым көпшілігі жалақыны, жалдамалы жұмысшылар санын жасырып, салықтан жалтарып отырғанын аңғартады.

3-бет

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен облыс әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы облыстық комиссияның отырысы өтті.

Облыстық дін істері басқармасының басшысы Бауыржан Қамзаев аймақта деструктивті діни ағымдар идеологиясына тартылғандарды оналту жұмысының деңгейін арттыру жайын баяндады. Көмелетке толмаған балалар арасында радикалды діни идеологияның таралуының алдын алу бойынша ұсыныстарын ортаға салып, шетелде діни білім алудың тиімсіздігі туралы ақпараттандыру жұмыстарының нәтижесіне тоқталды. Осы мәселе бойынша Арал, Қазалы, Қармакшы аудандарының әкімдері

мен облыстық білім басқармасының басшысы қосымша баяндама жасады.

Мұнан бөлек, облыстық қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің бастығы Шаймерлен Есенкелдиев пенитенциарлық жүйе мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталғандарды дерадикализациялау мен оналтудың тиімділігін арттырудың жай-күйі және шараларын таныстырды.

Жиында айтылған ұсыныс-пікірлер бойынша жауапты мекемелерге тиісті тапсырма берілді.

КӨКТЕМ ҚАРЕКЕТІ

Жердің тоңын жібітер көктем де жақын. Егін науқаны басталады. Сол маусымға әзірлік қандай? Кейінгі жылдары диқанды алаңдатқан су жайынан өзге минералдық тыңайтқыш, жанармай, техниканың жағдайы да дұрыс болуы керек. Алдын ала жоспар бойынша биыл 195,6 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын егу межеленіп отыр. Бұл өткен жылғыдан 7 мың гектарға артық.

Сб Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

ЕГІНГЕ ӘЗІРЛІК ҚАНДАЙ?



МЕЖЕ МЕН МІНДЕТ

Бүгінде «Шардара» су қоймасында 4,9 млрд текше метр су бар. Төменгі ағысқа секундына 900 текше метр су тасталауда. Ал «Көксарай» су реттегішіне 1,7 млрд текше метр су жиналған. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 2,3 млрд текше метрге артық.

— Вегетация кезеңінде су лимиті жасалғаннан кейін егіс көлемі нақтыланады. Алдын ала жоспарға сәйкес күрішті 5,3, малазықтық дақылдарды 2,3, картоп, көкөніс-бақша дақылдарын 222 гектарға ұлғайту межеленуде. Сондай-ақ, су үнемдеу технологиясын қолдану арқылы 1,5 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын егу жоспарлануда. 2025 жылға дейін осы әдіспен егіннің көлемін 17,2 мың гектарға дейін ұлғайтуға мән беріледі. Оның ішінде тамшылатып суару арқылы 3 гектар қызанақ, жаныбырлағып суару бойынша 10 мың гектар жоңышқа егу ойластырылуда. Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес жергілікті тұрғындарды

өзін-өзі әлеуметтік маңызы бар картоп, көкөніс-бақша өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында биыл қала және ауыл әкімдері тарапынан 3 мың гектар жер дайындалады. Осыған байланысты дайындық жұмыстары белгіленген жоспарға сәйкес атқарылуға, — деді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Қайратбек Сәрсенбаев.

Облыс бойынша көктемгі егін егу жұмыстары наурыз айының үшінші онкүндігінде басталады. Күріш суару айының ортасында себілмек. Жергілікті шаруашылықтар ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдарымен толықтай қамтамасыз етілген. Қазірге дейін 21,5 мың тонна күріш, 1782 тонна бидай, 30 тонна арпа, 116,3 тонна мақсары, 4,5 тонна соя, 51,8 тонна жүгері, 278 тонна жоңышқа тұқымы дайындалған.

Тазартылған күріш тұқымының 80,6 пайызы егіске дайын тұр. Дикандар биыл «Маржан», «Сыр сулуы», «Янтарь», «Лидер», «Премиум» сорттарын егуді жоспарлап отыр.

3-бет

ПРЕМЬЕРА



ЖАЗМЫШ ТАҚТАСЫНДАҒЫ
ТАҢДАУ

Н.Бекежанов
атындағы қазақ
академиялық
музыкалық драма
театрында жылдың
алғашқы жаңа
қойылымы Шыңғыс
Айтматов повесінің
желісі бойынша
«Жеміле» спектаклі
сахналанды.

Сб Айлар САЙЛАУОВ,
«Сыр бойы»


5-бет

МҰХТАР ӘЛИЕВТИҢ ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ

Биыл – белгілі академик, ғалым, «Халық қаһарманы», ақ халатты абзал жандардың ұстазы саналған Мұхтар Әлиевтің туғанына 90 жыл. Мамандығы бойынша хирург болған азаматтың туған жері Сыр бойы екенін кейінгі буын біле бермейді. Көзі тірісінде өмірге келген өлкесін ұмытпаған атақты дәрігер аймаққа жиі болмаса да, ара-тұра соғып тұрды. Бір сапарында облыстық медицина орталығында науқастың бауырына «эхинакокк» отасын жасап, күрделі операцияны бір сағатта сәтті аяқтағанын естігенбіз. Сондай-ақ мұсылмандықтың парызымен ниет қылған екі кішкентайды сүндеттеп, көпшіліктің ыстық ықыласына ие болыпты.

Сөз басында айтып кеткендей, Сыр бойында, дұрысы Жаңақорған жерінде дүниеге келген Мұхтар Әлиев Хирургтердің халықаралық ассоциациясының мүшесі, Пирогов атындағы хирургтер ассоциациясының, Нью-Йорк ғылым академиясының және ГФР медициналық білім беру халықаралық академиясының мүшесі болды. Ол – «Халық қаһарманы» атағынан бөлек, Алматы қаласының Құрметті азаматы, «Отан» орденінің иегері, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі алғыс хатының иегері, «Платиновый Тарлан» сыйлығының лауреаты.

Біршама уақыт бұрын өз қолымен талай адам өміріне шипа әкелген айтулы дәрігер жайлы қоғам қайраткері, еңбек ардагері Ибрагим Әбиұллаев аз ғана өз естелігін бөліскен еді. «Құрмет» орденінің иегері, Жаңақорған, Шиелі, Сырдария аудандары мен Қызылорда қаласының Құрметті азаматы Ибрагим ағамыздың бұл әңгімесінен атақты шипагердің тағы да өзгеше қырын байқауға болады.



Алтын қолды академик немесе «Бөрітескен» мен «Кеңес» арасы

– Атақты дәрігермен қай кезде жолығу жүрісі?

– Әлі есімде, 1993 жылы ол кісі 60 жылдық мерейтойын атап өтуге туған жеріне келеді деген хабар естілді. Ол кезде мен Жаңақорған ауданында басшылықта жүрген уақытым еді. Әрине, Сыр топырағынан шығып, жалғыз Қазақстан емес, әлем мамандарын өз біліктілігімен мойындатқан атақты хирургпен кездесуді ұйымдастыру аудан басшылығына жүктелетіні белгілі. Облысты басқарып тұрған Сейілбек Шаухаманов ағамыз хабарласып, нақты тапсырма беріп, Мұхтар ағамыз бен жары Минавар, жанындағы серіктерін күтіп алу жайында ақылдастық болғаны есімде. Жаңақорғанға басшы болып барғалы үшінші жыл болатын. Мұндай қадірменді қонақтарды күтуде тәжірибеміз жок емес. Сейілбек ағадан хабар келген соң ол кісі жайлы өзімше зерттеу жасадым...

– Демек, алдымен кіндік қаны тамған жері Жаңақорғанға аялаған ғой.

– Иә, Мұхтар ағамыз туған жері Жаңақорған ауданына қарасты қазіргі Талап ауылы маңында «Юбилейный» деген совхоз болатын. Қазіргі атауы «Кенес» деп аталады. Бұл – «Бесарык» су қоймасы жанында орналасқан елді мекендер. Іргелес жатқан қос ауылдың бірі мал шаруашылығымен айналысса, екіншісі жеміс-жиек өсіретін.

Мұхаметналғашкездесуіміз осылайша Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында болған еді. Тоқырау уақыты, халық жағдайы да онша емес. Атақты дәрігер жайлы біледі-ау деген туыстарына хабарласып, сондай-ақ аудандық мәдениет үйінде кездесу өткізу жайлы іс-шаралар жоспарын жасап үлгердік. Туған елге келген соң алдымен осында жатқан ата-анасының басына барып, Құран оқытып, тәу етсін деген ниетпен сапар басын содан бастамақ болдық. Бірақ бір кедергі бар еді. Мұхтар ағамыздың әкесі жатқан жерді ешкім біле қоймады. Уақыт тықысырып баралы, сонда да білетін адамды іздестіре бердік. «Сұрай-сұрай Меккеге де барарсын» демекші, анығын білетін бір кісіні ақыры таптық. Біреулер «оны білсе, Аманкелді Жұматаев біледі» дегенді айтты. Ол кезде Әлекен облыстық мәдениет саласын басқаратын. Әлекенмен сөйлесіп, көп жай-ға қанықтық.

Аманкелді ағамыздың айтуынша, Жаңақорғанға жетпей «Бөрітескен» деген разьезд болған. Мұхтардың ата-анасы

сонда тұрып, әкесі темір жол саласында жұмыс істепті. Естіген құлақта жазық жоқ, Әли ақсақалдың да ажалы сол тепловоздан болған деседі. Қорымы да разьезден 2-3 шақырым жерде жатқан көрінеді. Мұны да Аманкелді ағамыз айтты. Өйткені, ол кісінің әкесінің жайы Әли ақсақалмен қатар жатыр екен.

– Қорымды таба алдыңыздар ма?

– Әрине, таптық. Аманкелді ағамыз көрсетті. Барғанмызда көргеніміз – тек қураған жыңғылды айқастыра қойған белгісі бар төмпешік. Онда не құлыптас, не қоршау жоқ болатын. Расымен, біз басында сене қоймадық. Өйткені, «кімсің, Әлиев» болып тұрған уақытында атақты адамның әкесінің елеусіз жерде жатуы мүмкін емес қой деген ой бәрімізде болған еді. Тым құрығанда белгі болуы керек қой. Бірақ Аманкелді Жұматаев ағамыз сендіріп, «әкемді осында жерледік, дәл қасында Мұхтардың әкесі Әлиді де жерледі» деген соң сенуге тура келді. Бұл кезде даңқты хирургтің Жаңақорғанға келуіне екі күн уақыт қалған. Қасында әйелі Минавар және кіші қызы бары белгілі болды. Сондай-ақ туысы болып саналатын, мемлекет және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері Орынбасар Бөйімбетовте жандарында екен. Менің есімде қалғаны, ағамыз ол уақытта Ә.Сызғанов атындағы хирургиялық ғылыми-медициналық орталықты басқарып отырған кезі болуы керек.

– Расымен, осыншалықты атақты адамның әкесі жатқан мөңгілік жайының тым елеусіз қалғаны қиындау екен...

– Шынында сондай болды. Мен қайтадан облыс басшысы Сейілбек ағамызға қонырау шалып, мән-жайды түсіндірдім. Көп ұзамай мазар басын қайта қарайтуға шешім қабылдадық. Облыс басшысы Қызылорда қаласынан ақ кірпіш (селикат) жіберуге тапсырма беріп, бір «КАМАЗ» жүк көлігімен ол да көп ұзамай жетті. Өзім де орынбасарыма осы жұмыстың басы-қасында жауапты болуын айтып, елдегі ұста жігіттердің басын қосып, Әли ақсақалдың басын қарайттық. Ақ кірпіштен төрт құлақ там тұрғызып, бейіт басына тазалық жүргіздік. Қорым басына дейін баратын жолды да арнайы техникамен тегістетіп, су шашып, жерні көлік жүретіндей жағдай істеді.

– Қонақтар келем дегенше үлгердіңіздер ме?

– Үлгердік. Бас-аяғы 24 сағат ішінде жұмысты бітірдік. Шамалы уақыттан соң белгілі азаматтың Қызылорда қаласынан шыққаны туралы хабар келді. Өзім Жаңақорған мен Шиелі арасындағы шекара тұсында, яғни, Сунак ата ауылы маңында өңірге белгілі азаматтармен бірге күтіп алдым. Ауданның бас имамы, тағы да үлкен ақсақалдарымыз бар, Мұқанды әкесінің басына осылайша апардық қой. Есімде әлі. Бейіт басында Құран оқытылып біткен соң, барлығымыз көңілқос айтып, аз-маз ел аманлығы мен жағдайынан хабар білдірген болдық. Бірақ ол кісі бір ауыз лөм бел сөйлемеді. Тек бейіт басында үнсіз ғана әкесі жатқан мөңгілік жайға мұңлы жанарымен ұзақ қарап, ойға шомып тұрды. Сол уақытта мен ағамыз көп сөзге жоқ кісі ме деген ойға қалғаным бар.

Иә, одан кейін аудан орталығына бардық, мен өз отбасымын басынан қонақасы бердім. Мәдениет үйінде кездесу өткізіп, халық атынан ақбоз ат мінгіздік. Басқа да сый-сияпатын жасап, ел-жұрт батасын төгіп жатты. Жиын соңында өзі де сөз сөйлеп, арнайы баяндама оқығаны бар. Елге көп жылдан бері келмегенін, бала күнінен естелік айтып берді. Жалпы бір білетін нәрсем, Қазақстан медицинасында атақты дәрігерлердің көбі Сыр өңірінен шыққан. Мұхтар Әлиев осылардың ішінде ең бірегейі деп айтуға әбден болатын тұлға деп есептеймін.

– Ағамыз бұл сапарында өзі туған, балалық шағы өткен жеріне де соққан бағар...

– Аудан орталығындағы кездесуден соң «Талап» елді мекеніне барып, туған жеріне соқтық. Ол жакта Исатай Топышев деген ақсақал бар еді. Ол да осы Мұхандардың ет-жақын ағасы болатын. Жасы тоқсанның о жақ, бұ жағына келген қария өте бір шежірелі, салт пен дәстүрге жүйрік, өткен тарихты бұзбай айтатын жақсы адам болатын. Оның үстіне аудан ғана емес, облыстағы Исатай Әбдікәрімов, Тәкей Есетов сынды басшылармен тікелей сөйлесіп, ел жайына бейжай қарап жата алмайтын жан. Менің өзім де сол ақсақалға жиі соғып, ақыл-кесенін тыңдайтынмын.

Кош, біз алдын ала хабарласып, ақсақал да қуанып күтіп алатын болған. Сол шаңыраққа түсіп, облысқа белгілі Мұқанды інім деп бауырына тартып жатты. Сонда Исатай ақсақал «Ибрагим-ау, мына

Мұхтаржан елге келді, ағайынды жағалады. Енді сендер інімді туған топырағына неге аунатпайсындар?» деген соң ондай кәде-қауметін де ұмытпадық. Қарияның есік алдында жоңышқалық жері бар екен. Сонда атақты дәрігерді апарып, жайылған кілем үстіне ары-бері аунату рәсімін жасағанбыз. Мұқан да «елдің салты солай болса, мен де көңімді» дегендей туған жері топырағына қуана аунағаны бар.

Мұнан соң ауыл маңындағы үлкен бау ішіне құрылған екі еңселі киіз үй ішінде қонақасы бердік. Барлық ағайын келіп, қолын алып, құрмет көрсетіп жатты. Менде сол уақытта облыста жүрген Елена Әбдікалыкова мен Серік Ыдырысов сияқты өнерпаздарымызды шақыртқанмын. Екеуі кезек-кезек әнін айтып, жырын жырлап, өзара айтысып, қонақтарды барынша риза етті. Риза болғанының дәлелі сол, Мұхтар ағамыз қолындағы қымбат сағатын Серік бауырымызға тақса, Минавар жөнгей мойнындағы алтын алқасын Лена қарындасымызға сыйлады. Дастархан басында ел ықыласына риза кейіппен шешіле әңгімелесіп, кешке дейін отырды.

– Менің бір түсінбегенім, Жаңақорғандағы «Бөрітескен» туған Мұхтар Әлиевті қазіргі Түркістан облысына да тағатындар бар. Сонда өскен дегендей...

– Оның рас, Мұқан Жаңақорғанда туғанмен, бала күнінде отбасы Отырарға көшкен. Мектепті де сонда оқып бітіріпті. Екінші Отаны – Отырар. Сол уақытта біздің ауданнан соң Отырарға тіке кететін болған еді. Біз шекараға дейін шығарып салып, көрші облыстың белгілі адамдары күтіп алды. Арада біраз уақыт өткен соң туған ауылы «Кенес» елді мекеніне мешіт салып, халыққа автобус, су таситын водавоз сыйлады. Мешіт имамының айлығына дейін өз қалтасынан төлеп, сондай бір жақсылық жасап кетті.

Мен 1994 жылы Шиелі ауданын басқаруға тағайындалдым. Бір жылдан соң Мұхтар Әлиев «Халық қаһарманы» атағын алды. Сол жылы елдің атынан барып, құттықтап қайтқаным бар. Осылайша атақты шипагермен екі рет кездесіп, оның елжандылығына куә болдым.

– Әңгіменізге рахмет.

Сұхбаттасқан
Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Білімдегі бірегей бетбұрыс



Абылай хан атындағы №140 қазақ орта мектебі, Қызылорда қалалық білім бөлімімен бірлесе «Отбасы – мектеп» жұмысы аясында «Әлеуметтік орта: Жеке тұлға» тақырыбындағы әлеуметтік жәрмеңке ұйымдастырды.

Айдар САЙЛАУОВ,
«Сыр бойы»

«Отбасы – мектеп» штабының кезекті отырысына қатысушылар бұл жолы ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар жайына кеңінен тоқталды. Себебі дамыған елдерде жалпы адам құндылықтары мен әлеуметтік талаптарға сай білім беру жүйесінде барлық балалар тең және тосқауылсыз білім алуы қажет деген шешімге келген. Еліміздің заңнамаларында да балаларды қорғау аясындағы халықаралық құжаттарға сәйкес «ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың барлық мүмкіндіктері ескеріледі, сапалы білім алуға тең құқылы» деп көрсетілген.

Осы заңға сүйенген шараларында да ерекше білім беруді қажет ететін балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсетіліп, оқытудың айырмашы-

лықтарына тоқталып, көмекпен жағдай жасау тәрізінде әңгіме өрбіді. Басқосуға арнайы қонақтардан бөлек, ZOOM платформасы арқылы жүзге жуық оқушы және ата-аналар қатысты.

Штаб 3 жыл бойы ауқымды жұмыстар атқарып келеді. Қоғамның белді тұлғалары, көпбалалы аналар, ақ жаулықты әжелердің қатысуымен бірнеше ашық алаңдар, кездесулер мен шеберлік сыныптары өткен. Бұл жолғы кездесу де нәтижелі әрі пайдалы болды.

– Өзім үшін де, қоғамда да бала құқығы басты назарда болу керек деп ойлаймын. Көп жағдайда балаларға жақсы, түсінікті, қолжетімді білім қажет. Бұл өз кезегінде баланың жеке қажеттіліктеріне, қабілеттері мен даму ерекшеліктеріне сәйкес келетін түрлі әдістерді пай-

далануды көздейді, – делі облыстық бала құқықтары жөнінде уәкіл Жапырақ Ұзақбаева.

Бұдан бөлек, бүгінгі күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп оқушылары қазақ классиктерімен қатар, әлем әдебиетін де оқуда. Оқып қана қоймай әдемі орта құрып, өзара талдауды әдетке айналдырған.

Келушілерге 6 кіші мектеп жобасы таныстырылды. Соның ішінде «Синергия» атты ерекше жандардың әлеуметтік жобасы мен «Демеу» жәрмеңкесіндегі оқушылар жұмысы ерекше көзге түсті. Ал ағартушылық бағыттағы «Компьютерлік жады» мен әдістемелік-диспетчерлік бағыттағы «Оңға дейінгі сандарды қосу және азайту» әдістері өз ерекшелігімен айқындалды.

Негізі, бұл мектепте 40-тан астам ерекше білім беруді қажет ететін оқушы бар екен. Оларды оқытуда талмай еңбек етіп жүрген ұстаздардың осы бір білімдегі бірегей бетбұрысы мен жана-шылдығы талай әріптестеріне үлгі бола берері сөзсіз.



Зейірбай көпірі

Өткеннің ұлағатын ұмытпай, білгенімізді келер ұрпаққа үлкендер салған ізбен өнеге ету маңызды деп ойлаймын.

Өйткені сабақтастық үзіліп қалмауы керек.

Ерен еңбектің үлгісін көрсеткен ата-бабалар жайлы көрген-білгенімізді айтар болсам, Сармолда баласы Зейірбай ақсақал еске түседі. Ол 1889 жылы Сырдария ауданы Шіркейлі ауылында дүниеге келген. Менің жалымда ол кісі: «әкеден жас қалдық, екі ұл, бір қызды анамыз жалданып жүріп, асырап адам қылды» деп айтып отырушы еді.

– Кейіннен өзіміз ер жетіп байдың малын бақтық, егінін егіп, алған жалқымызға өлместің күнін кешіп тіршілік еттік. Кенес үкіметі орнағанда барлық жұмысына белсене араластық. «Шіркейлі» каналын қазғанда басынан аяғына дейін болдым. Кейіннен «Қожарык» каналын қазғанда да басынан бастап араластым. Қолхоздың егінін бидай, күріш, тары егу үшін жерді қолмен ашып, оны кетпендеп себу, суару, ору – бәрін техника жок, қолмен атқардық, – дейтін.

Одан қалды қыста мал

атанып, көп жыл халық пайдаланды. Орны әлі бар.

Соғыс жылдары уақытпен санаспай, күні-түні жұмыс істеп, кемпір-шал, әйел, бала-шағаға басшы болды. Кейінгі уақытта (трактордың жана келіп жатқан кезі) қатарлары «Зейірбай шапқан жерден үш жылға дейін шөп шықпайды. Бұл біздің шытызы (ЧТЗ-60 НАТИ) ғой» деп әзілдеп отырушы еді.

Менің есімде 1947-1948 жылдары болуы керек, «Қу-мол» деген жерге бидай егетін болып, біраз адамды алып барды. Соның ішінде бала-лардан Қайрақбай Абпазов және мен болдым. Дәмеш, Ұлболған шешем, төртеуіміз Зейірбай әкеміздің шапқан шенгелін сыртқа шығарып үлгері алмадық. Келіндері: «қайынаға жүрген жерде аш болмаймыз» деп отырушы еді. Себебі иығында кетпені, қосауыз мылтығы болатын. Ол кісі 1951 жылы дүниеден өтті.

Осындай бейнеткеш адамның еңбегі еленбей қалмаса екен. Шіркейлі елді мекенінде Зейірбай Сармолдаевқа көше атын берсе, онды іс болар еді.

Райымбек ШОҚАТАЕВ

Сурет ашық дереккөзден алынды.



Сырлы сезім сыйлаған кеш

Ақын Ақжол Түменбай қызылордалық оқырмандарын ақжолтай жаңалығымен қуантты. Осы уақытқа дейін өзінің туған жері Қазалыда және білім алған қаласы Семей шаһарында «Өз жүрегіңнен ұялмайсың ба?» атты поэтикалық кешін өткізген болатын. Бұл жолғы жырдың көші Сыр өлінің орталығында «Сүйемін» атты кешпен жалғасты.

Айдар САЙЛАУОВ,
«Сыр бойы»

Кейінгі кезде сөзінің күші ұяғты жас акындар өсіп келеді. Соның ішінде қадірі биік ауыл карттарының аузынан жыр-кисса, дастандарды естіп өскен, киелі дала мен туған өлкенің тылсым табиғатынан өнбойына тазалықты сіңіре білген жас қалам иесі Ақжол Түменбайдың поэзия әлемі өзіне өрнектерге, қанық бояуға толы. Өзінің «өлеңге таласы бар» екенін ерте аңғартқан ол жазған жырлар мыңдаған тыңдарманның құлағында. Туындылары эстрада әншілерінің хит әндеріне айналады. Қазірдің өзінде «Өз жүрегіңнен ұялмайсың ба?», «Әке», «Сүйемін» «Кеткім келмейді», «Арал гимні», «Кімсіз?», «Махаббат» сынды есті әндері халық арасында кеңінен таралған.

«Ақ жолда жүрмін» деп жырлаған ажзүрек акын Ақжол — өз өлеңдерін, әлдекімдердей күшпен құрастырып, әсіресе әдемі сөздер мен ерекше теңеулер іздеп, өз ойы мен оқырман ойын ауырлатқысы келмейтін жан. Жастыққа тән албырттықтан да болар, бірде жүрегі от шашып, бірде көңілі судай басылып, бірде тіпті өмірден баз кешкендей болады ол. Әйтсе де, өлеңдері қазіргі көп жастардың шығармаларындай жасық емес. Айтар ойын ашық жеткізе біледі, қажет тұста іркілмей, кесек түйіндерді шымыр шумақтарға сыйғызуға бейім. «Сүйемін» атты шығармашылық кеші оның өлең өлкесіне өзінше өрнегімен келгенін тағы бір мәрте дәлелдегендей.

— Сізді Сыр сахнасындағы «Сүйемін» атты шығармашылық кешіңіздің өтуімен құттықтаймын. Ақындық — туа бітті талант жемісі. Қара сөздің қасиетін, өлең сөздің өсиетін танытуыңыз — сол таланттыңыздың қуаты, өзіңіздің өлеңге деген өршіл махаббатыңыздың өресі. Шығармашылығыңызға қажатқан марғасқа акындарының шынайы баға беруі рухы биік өлеңмен егіз туғаныңызды дәлелдейді. Ел сүйіспеншілігіне бөленген сізге шығармашылық шабытыңыз тәсі берсін деп тілеймін. Сыр елінің атын Алашқа танытып, әлемге паш етер күнге жетіңіз, — деген облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібеуын құттықтау сөзін облыстың мәдениет және спорт басқармасы басшысының орынбасары Қуаныш Жанұзақов оқып, Ақжол ақынға ажарма лебізін жеткізді.

Үш сағатқа созылған кешті халық тапжылмай тамашалап, ақынға тік тұрып құрмет көрсетті.

— Мен осы кеште ауылдастарымның, ағаларымның, облыс басшылығының қолдауын ерекше сезіндім. Баршаныңға алғыс айтамын.

Барлығы біз қалағандай болса, Шераған айтпақшы, «Бір кем дүние» болмас еді ғой. Тұрмыс билеп, шығармашылықтан алыстап, қарайып қалған кездерім де болды. Қазір сол ортада жүрмін демесем де, ақындық дейтін жолдамын. «Әттеген-ай, тіл мамандарынан, ғалымдардан дәріс алсам, бүгінгіден әлдеқайда жоғары, ойы мен пікірі толыққан ақынға айналар ма едім?» дейтін ой да арағалық туындайтын. Ол олқылықтың да орын толтырдым.

Бүгін де барынша ерекше болуға талпындық. Кешіме қолдау білдіріп келгендеріңізге алғыс, — деді Ақжол Түменбай.

Кеште Ақжолдың сөзіне жазылған туындылары Р.Шамшырақ, М.Жамбылұлы, Ж.Қаржаубай, Е.Құмаров, К.Әлімжан, Ү.Ерниязов және Н.Абдуллин нақышына келтіре орындап, көрермен жүрегіне жол тапты.



ТАҒЫ БІР ЖАҢА ТУЫНДЫ

Қолға қойдың сақасындай, көңілге көктемнің самалындай жаққан бір кітапты бас алмай оқып шықтың. Ол «Жылы жүрші» деп аталыпты. Авторы — жас қаламгер, облыстық «Сыр бойы» газетінің бөлім басшысы Ержан Қожас.



Жып-жылы оқылады "Жылы жүрші"

Бұрынырақта осы газетте қызмет еткен Жақсылық Рахматулла, Ақберген Ержан, Қазі Данабаев, Оразбек Мақсұтұлы секілді ағаларымыздың кітаптары жарық көріп жататын. Сол дәстүрдің үзіліп қалғанына да он бес-жырма жыл өтті.

Бұл — Ержанның екінші кітабы. Бір-екі жыл бұрын әріптесінің «Мен — ауылдың ұлымын» деп аталатын кітабы басылып шыққанда образбен ойланатын ағаларымыздың жолын жалғайтын біреу шықты-ау деп қуандым. Сол қуанышым бүгін еселеніп отыр.

Кітап үш бөлімге жіктеліпті. Бірінші бөлім «Ауыл дейтін бір ғажап мекенненбіз» деп аталған. Шынында, ауыл деген — ғажап мекен. Ауылдың иісі, келбеті, тілі, бәрі өзгеше, өрнекті. Тілі демекші, мен осы кітаптан бұзылмаған қазыдай ауыл адамдары сөзінің нақ өзін көрдім. Ауыл үлкендері «Алдыраз болсын, айналайын» деуші еді. Кітапта осы сөзді дәл сол күйде кездестіріп, жоғалтып алған сабы алтын пышағымды тапқандай болдым. «Алдыраз болсын, Ержан» дедім. Бұл — тіл заңдылығы, қазақы қалып, ол ережені ауылдағылар ғана сақтай алады. Ал, қазір «Алла разы болсын» демесек, мұсылмандықтан шығып қалғандай боламыз. Сонымен бірге кітапта қаладан қағажу көрген «ұлы ойбай», «кіттай», «келіннің ішіне көже бітіпті» деген әдемі сөздер бар.

Ержан жазған әңгімелердің тіні — адами байлық, қазақы тәрбие, салт-дәстүр сабақтастығы секілді құндылықтар.

«Обал ғой» деп аталатын әңгімедегі (36-бет) Рамаш жеңгейдің образы нағыз қазақ әйелінің бейнесін мөлдірете төккен. Азайып бара жатса да, обал-сауаптың сақталуында осындай кісілердің құдіреті жатыр.

Ал, енді маған «Аллергия» деген әңгіме (21-бет) ерекше әсер етті. Көзіне жас келеді. Қазір үйіне бір туысын тосыннан келе қалса, көзің аларып орыңнан атып тұрасың. Жаманат хабар әкелді дейсін, басқаша ойлаудың бізден қалғаны қашан. Себебі, бүгінде біреу біреудің үйіне сылтаусыз, шақырусыз бас сұқпайды. Бұрынғы «аман-сындар ма?» деп үй жағалап жүре беретін жақсылар жоқ, «сен ти-

месең, мен тиме, бадырақкөз» жамандар қалғанбыз.

«Аллергияда» ешкіммен қатыспайтын қасан мінез Матғыл ағайын мен дос-жардың қалірін анасы қайтыс болғанда түсініп, райынан қайтады, тіпті оның басқа адам болып шығатыны саналыны ойлантпай қоймайтын ақиқат.



Ержан кітапта «Бос-белбеу қайдан шығады?», «Қазір өкең келсін» секілді әңгімелер арқылы ата-ана тәрбиесіне байланысты тамаша эпизодтарды пайдалана білген. Маған да, саған да қатты ұнағаны, айтпақшы өлі оқымаған шығарсың, оқып көрерсің — «Сағындырған сары апа» әңгімесі. Көзіңе жас аласың, көңілің босайды. Қазақ өміріндегі өженің баласы деген ұлы образға кезігесің, сол бір ақылды тентек баланы жақсы көресің, басынан сипағың келеді. Өйткені, ол Абайша айтсақ, «самородный» ауыл баласы, әжесінің баласы!

Кітаптың екінші бөлімі «Теңіз бен тау жазбаларын» Арал, Қазалы өңірінің кіші тарихы десек те болады. Кезінде осы публицистикалық дүниелердің біразы газет бетінде жарық көрген. Тұтастай алғанда бұл жол-

жазбалардың шынында көп зерттеуді, табаннан тозып, көп сапарлауды қажет еткен еңбек екенін сеземіз. Тұтас бөлімнің жер-су атауларына ден қойған журналистің топономика ғылымына қосар үлесі де бар. Мұны оқыған адам анық аңғарады.

Журналистің көкейлік өлке-танушы Сәкен Қабыловпен бірге жер кезіп, жан байлығы мен жәдігерлік іздеген еңбеккершілігі еріксіз бас шайқатады. Расында, риза боласың. Жазған кітабына қаламақы төленбейтін, оны демеуші іздеп басып шығаратын, өзін өтініш жасап өткізетін заманда, ол ол ма, бүкіл елдің мұның, рухани қазынасын түгендеуге арқа еті арша болып жүрген бұл баланыкі қайдан келген қуат дейсің, кейде? Сосын туған жерге деген махаббат, қанмен келген қасиетке деген адалдық, кәсіби қызметіне деген құрмет екенін түсінесің.

Үшінші бөлім еңбегімен танылған белгілі ел ағалары, тұғырлы тұлғалар туралы сыр шертеді. Әрине, танымал адамдар туралы біріміз де жазамыз. Олар жайлы жазу қиын да болмас, өйткені, халықтың көз алдындағы адамдар, жалпы жұртқа таныс. Тек сол жандардың қарапайым тірліктегі бейнесін

іздеу керек. Өзіне де, өзеге де сол құнды. Жас қаламгер бұл жағынан әлі тәжірибе жинай берер, кәсібінің өзі соған алып келеді. Осылай деп әріптесіме басына айта бастап едім, бірақ, ол сөзімді «Сегіз әкімге серік болған» деген бір шағын әңгімесінің жокқа шығарары шын. Әкім туралы айтқан тілші көп, ал, әкімнің көлік жүргізушісі туралы қайсымыз мақала жаздық? Ержанның осы бір шағын мақаласы, айтпақшы, мақала емес, әдемі кейіптеу, әсерлі көріністерге толы әңгіме бұл! Айтып айшықтап беру бір бөлек, мұны енді оқып көру керек.

Анығында көсемсөз бен көркем сөзді қоса қабат алып жүру — ауыр жүк. Сол жүкті бел кеткенше арқалаймын деген Ержанның ерекше байламы ойланудан гөрі, ойын салуды жақсы көретін замандастарына үлгі.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Адал ісіне ақы сұрамайтын еңбекқор жандардың болмыс-бітімі бүгінгі ұрпақтың бағыт алар бағдарына айналары белгілі. Себебі туған жеріне, өскен өңіріне қызмет еткен жандар қашан да мақтан төрінде. Сондай азаматтың бірі — Кеңесбай Жалғасбаев.

Ақтілек БІТІМБАЙ,
«Сыр бойы»

Еңбегі ерен ер еді

Ол 1941 жылы Сырдария ауданы Киров колхозында дүниеге келген. Кейін туған ауылында жетіжылдықты тәмамдаған.

Әкесі Жалғасбай әскер қатарында жүріп, 1942 жылы Ленинград облысы Залучский ауданы, Великого селосындағы шайқаста қаза болды. Заманның шатқа-яқтап тұрған шағында кейіпкеріміз тағдыр салған қиындыққа мойымай, отбасына қолғабыс ету үшін еңбекке ерте араласады. 1961 жылы Қызылорда қаласындағы ДОСААФ-тан көлік жүргізушісі куәлігін алған ол колхозда комбайн айдап, егін орағында еңбек жолын бастайды.

Өзінің ісіне мығым, ортақ игілікке жанапшыр мінезімен жұмыста жақсы беделге ие болды. Тынымсыз еңбегі, қабілеті туралы көзкөрген ауыл адамдары қазірге дейін айтып отырады. Шаруашылықта 1994 жылға дейін табан аудармай еңбек етіп, 43 жыл өтілімен зейнетке шықты.

Кеңесбай Жалғасбаев 1975 жылы соғыстан кейін ауыл шаруашылығының өркендеуіне қосқан үлесі үшін «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды. Осыдан соң коммунистік партия қатарына алынды. Ал 2018 жылы Ж.Маханбетов ауылының 90 жылдық мерейтойында мерекелік медальмен марапатталды.



Кеңесбай аға жаны да, ары да таза, адамгершілігі мол, адалдық пен әділдіктен аттамаған ақкөңіл азамат, ұлағатты отбасының алтын дінгегі еді. Ол 2019 жылы 78 жасында дүниеден озды. Нағыз еңбек адамы атанған азаматтың артында әке рухын ардақтайтын, ұлағатты ұл мен қыз қалды. Олар Қазақстанның әр түкпірінде, әртүрлі салада еселі еңбек етуде.

Өмір көші бір орында тұрмайтыны әмбебап аян. Бүгінде саналы ғұмырын елге қызмет етуге арнаған азаматтың артында айтып жүрер жақсылығы мен көзін көрген жақсылар қалды. Оның өзі болмаса да, елге еткен еңбегі жылдан-жылға көш тартып, аңыз боп көшері анық. Біз білетін ақиқат осы.

«Сыр бойын» ақпараттық агентігінен де (сайттан) оқыңыз

www.syrboyi.kz

ЖАРНАМА БӨЛІМІ

70-00-52

E-mail: smjarnama@mail.ru

Жарамсыз деп есептелсін

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің «Қамыстыбас балық питомнигі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (БСН 950240002059) Жарғысының (мемлекеттік және орыс тілінде) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Қызылорда «Болашақ» университеті, «Болашақ» жоғары медициналық колледжі, «Болашақ» университетінің жоғары колледжі ұжымдары университеттің бас инженері **Досманбетов Қайырберген Сәрсенұлының** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.